

Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 маусымда № 11284 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 340 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.11.2020 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты ;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.03.2017 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.01.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгілінген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә.Исекешев

2015 жылғы 8 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 4 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 6 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 3-2/378 бұйрығына
1-қосымша

"Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары –
ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 30 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378
бұйрығына
2-қосымша

"Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 5 (бес) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - субсидияны аудару туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті ұсынудан уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама жолданады. Хабарлама көрсетілетін қызметті алушы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтаның мекенжайына, сондай-ақ субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, электрондық кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезекті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы броньдауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне субсидия алуға арналған өтінімді осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында ұсынады.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіндегі" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе өтінімнің қабылданғанын растайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады :

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған өтінімнің және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілген қызметті алушының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 қаңтарда № 10087

болып тіркелген) бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша нысанда почтамен немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті беруші жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық арыз жіберілген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өңдеуі (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады немесе сотқа жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің www.moa.gov.kz интернет-ресурсында;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 3) egov.kz порталында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Өңдеуші кәсіпорындардың
ауылшаруашылық өнімін
тереңдете өңдеп өнім өндіруі
үшін оны сатып алу
шығындарын субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан

Хабарлама

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20__ жылғы " __ " _____ № _____ өтініміңіз бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынадан

себепті бас тартылды.

"Өңдеуші кәсіпорындардың

ауылшаруашылық өнімін
тереңдете өңдеп өнім өндіруі
үшін оны сатып алу
шығындарын субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша
Нысан

Хабарлама

Құрметті _____
(көрсетілетін қызметті алушы)
Сіздің 20__ жылғы " __ " _____ № _____ өтініміңіз бойынша
мемлекеттік
қызмет көрсетілді және Сіздің № _____ есептік шотыңызға 20__ жылғы
" __ "
_____ төлем тапсырмасымен _____ теңге мөлшерінде субсидия
сомасы
аударылғанын хабарлаймыз.

"Өңдеуші кәсіпорындардың
ауылшаруашылық өнімін
тереңдете өңдеп өнім өндіруі
үшін оны сатып алу
шығындарын субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 3-қосымша
Нысан

**Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп
өнім өндіруі үшін оны сатып алуға жұмсаған шығындарын субсидиялауға
арналған өтінім**

Кімге: _____ жергілікті
атқарушы органына

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

Кімнен: _____

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Маған сары май/қатты ірімшік/құрғақ сүт* өндіру үшін _____ килограмм
көлемінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін сатып алуға

_____ теңге мөлшерінде
(соманы цифрмен және жазумен көрсету)

субсидия төлеуіңізді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға және шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін:
атауы _____

БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

жеке басын куәландыратын құжат:
нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы
хабарлама:

орналасқан жері _____

хабарламаның берілген күні _____

2. Өңдеуші кәсіпорынның екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта
операторындағы ағымдағы шотының мәліметтері:

ЖСН/БСН (жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Кбе (бенефициар коды)

Банк немесе почта операторының деректемелері:

Банктің немесе почта операторының атауы:

БСК (банктік сәйкестендіру коды)

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды)

БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Кбе (бенефициар коды)

3. Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсалған шығындарды (өтінім берілген

сәттегі) растайтын шот-фактуралар туралы мәліметтер**:

№	Шот-фактура нөмірі	Шот-фактураның берілген күні	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, килограмм	Бағасы, килограммына теңге	Құны, теңге	Сатушының атауы және ЖСН/БСН
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

*Бір өндеуші кәсіпорын тереңдете өңдеу өнімдерінің бірнеше түрін өндірген жағдайда, өтінім өнімнің әрбір түрі бойынша жеке-жеке беріледі.

** Әрбір ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші бойынша мәліметтер жеке-жеке толтырылады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыным туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20__ жылғы "___" _____ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:
Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі - ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қол қою күні және уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Басқарма 20__ жылғы "___" _____ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні және уақыты

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 3-2/378 бұйрығына
3-қосымша

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 2 (екі) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға

арналған өтінімді қарастыру нәтижелері туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша бас тарту туралы уәжді жауабы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны - электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы еңбек заңына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мал шаруашылығын дамытуға, оның ішінде мыналарға арналған өтінім ұсынады:

1) тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басымен, сондай-ақ балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарды арзандату - ағымдағы жылғы 15 сәуірден 1 қазанға дейін;

2) қойлардың, маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарды арзандату - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 1 желтоқсанға дейін;

3) асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малының, сондай-ақ қойларының аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерін субсидиялау, эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау - ағымдағы жылғы 1 мамырдан 1 желтоқсанға дейін;

4) өтінім беруге негіздер туындаған сәттен бастап алты айдан аспаған отандық және шетелдік шаруашылықтардан асыл тұқымды немесе таза тұқымды жануарларды сатып алу құнын арзандату, отандық және шетелдік

шаруашылықтардан құстардың етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға және жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға жұмсалған шығындарын арзандату, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының сатып алынған бір жынысты және қос жынысты ұрығының құнын арзандату - ағымдағы жылғы 25 қаңтардан 20 желтоқсанға дейін;

5) ірі қара малдың, шошқалардың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу - ағымдағы жылғы 25 қаңтардан 20 желтоқсанға дейін.

20 қаңтардан бастап 20 желтоқсанына дейінгі мерзімде мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға, оның ішінде мыналарға арналған өтінім ұсынады:

сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату;

сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарының бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату;

ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату;

өткізілген қозылар құнын арзандату;

құс етін (бройлер тауығының етін, күркетауық, суда жүзетін құс етін), тағамдық жұмыртқа (тауық жұмыртқасы), сүт (сиырдың, биенің, түйенің сүті), биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату;

сүтті бағыттағы аналық мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Порталда өтінімнің қабылдағанын растау - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрініс табады.

Көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының

Заңының 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17306 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша нысанда почтамен немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық арыз жіберілген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады

, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өңдеуі (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады немесе сотқа жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің www.moa.gov.kz интернет-ресурсында;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 3) egov.kz порталында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.moa.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығы өнімінің
өнімділігі мен сапасын
арттыруды субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

**Субсидия алуға арналған өтінімді қарастыру нәтижелері туралы 20 ____
жылғы " ____ " _____ № _____ хабарлама**

Тауар өндірушінің атауы _____

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса) тегі

Жүгінудің мақсаты _____

(субсидияланатын бағыт)

Жүгіну күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Шешімі _____

Ауыл шаруашылығы бөлімінің/Ауыл шаруашылығы басқармасының
басшысы

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)
ауыл

(ауыл шаруашылығы бөлімі/

шаруашылығы басқармасы басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы
қойылады)

"Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығы өнімінің
өнімділігі мен сапасын
арттыруды субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
1-нысан
_____ ауданының
ауыл шаруашылығы бөлімі

**Отандық және шетелдік шаруашылықтардан сатып алынған асыл
тұқымды немесе таза тұқымды ірі қара мал, етті бағыттағы асыл тұқымды
тұқымдық бұқалар, асыл тұқымды тұқымдық қошқар, өнімді бағыттағы
асыл тұқымды тұқымдық айғыр, асыл тұқымды тұқымдық түйе, асыл
тұқымды және таза тұқымды шошқалардың аналық басы, асыл тұқымды
ешкілердің аналық басы, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік**

нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапаны және жұмыртқа бағытындағы құстардың финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапаны (қажетті бағытты қалдырыңыз) үшін субсидиялар алуға арналған өтінім

Өтінім нөмірі: _____

Өтінім қалыптастырылған күн: _____

1. Тауар өндірушінің (сатып алушының) атауы: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі/заңды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің (сатып алушының) мекенжайы: _____

(облыс, аудан, қала/ауыл/көше, үйдің №)

3. Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі

(жеке/заңды тұлға үшін)

4. 20__ жылы нақты сатып алынған асыл тұқымды өнім (материал):

1) түрі: _____

(ірі қара мал/қой/ешкі/айғыр/шошқа/түйе)

тәуліктік балапандар

2) тұқым (кросс), өнімділік бағыты: _____

3) жыныстық-жас тобы, жасы (отандық малдар үшін - сату сәтіндегі, импорттық мал үшін -

оларды сатушыда карантинге қою сәтіндегі): _____

4) сатушы туралы деректер (елі, сатушының атауы, орналасқан жері):

Сатып алынған асыл тұқымды өнім (материал) бойынша статистика

Мал шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды аналық басы			
Отандық мал басы, барлығы			
Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінгені			
ТМД елдерінен әкелінгені			
Етті тұқымдардың асыл тұқымды және таза тұқымды аналық басы			
Шетелдік мал басы, барлығы			
Етті тұқымды асыл тұқымды бұқа			
Отандық мал басы, барлығы			
ЖИЫНЫ:			
Қой шаруашылығы/ешкі шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Тұқымдық қошқарлар			
Асыл тұқымды ешкілер			
ЖИЫНЫ:			
Жылқы шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Асыл тұқымды айғырлар			
ЖИЫНЫ:			
Түйе шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Тұқымдық түйелер			
ЖИЫНЫ:			
Шошқа шаруашылығы			
	Сатып алынған жануарлар басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Шетелдік асыл тұқымды және таза тұқымды аналық бас			

ЖИЫНЫ:			
Кұс шаруашылығы			
	Сатып алынған құстың басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Етті құс шаруашылығы			
Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу			
Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
Республикалық палатада тіркелген құс фабрикасында алынған финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу			
ЖИЫНЫ:			

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Асыл тұқымды немесе таза тұқымды жануарларды, асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімдерін сатып алу-сату/лизинг шарты	Шарт (тар) нөмірі	
		Жасалған күн	
		Бас саны	
		Шарт бойынша сомасы, теңге	
2.	Асыл тұқымды және таза тұқымды жануарлар, асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімін сатып алу-сату шарты бойынша толық төлем жасалғанын және/немесе төлемнің кейінге қалдырылғанын растайтын төлем құжаттары	Құжат (тар) атауы	
		Барлық төленген сома, теңге	
3.	Асыл тұқымды және/немесе таза тұқымды ірі қара мал сатып алу- сату/ лизинг шарты (субсидиялар арнайы шотқа аударылған жағдайда)	Шарт (тар) нөмірі	
		Жасалған күн	
		Бас саны	
		Шарт бойынша сомасы, теңге	
4.	Қаржы институтының арнайы шоттың бар екендігі туралы анықтамасы (субсидиялар арнайы шотқа аударылған жағдайда)	ЖСН/БСН	
		ЖСК	
		Кбе	
		Банктің немесе пошта операторының деректемелері:	
		Банктің немесе пошта операторының атауы:	
		БСК	
		БСН	
		Кбе	

5.	Асыл тұқымды жануарлардың, асыл тұқымды тәуліктік балапандардың асыл тұқымдық куәлігі (сертификаттар)	Куәлік (тер) нөмірі	
		ЖСН/партия нөмірі	
		Берілген күні	
6.	Жануарларды және/немесе құстарды қабылдау-беру актісі (субсидиялар арнайы шотқа аударылған жағдайда толтырылмайды)	Акт нөмірі	
		Күні	
		Бас саны	
7.	Сатушыда карантинге қою және карантиннен алу актісі (шетелден сатып алынған жағдайда)	Акт (лер) нөмірі	
		Карантинге қою күн (дер) і	
		Карантиннен алу күн (дер) і	
		Бас саны	
8.	Құсты торда немесе еденде күтіп-бағуға арналған технологиялық жабдықтың болуын растайтын құжаттар	Құжат (тар) атауы	
		Нөмірі және күні (бар болса)	
9.	Екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы анықтамасы	ЖСН/БСН	
		ЖСК	
		Кбе	
		Банктің немесе п о ч т а операторының деректемелері:	
		Банктің немесе п о ч т а операторының атауы:	
		БСК	
		БСН	
Кбе			

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ, дербес деректерді және өзге де ақпаратты сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Сатып алынған асыл тұқымды және таза тұқымды жануарларды мақсатты пайдалануды қамтамасыз етуге және табиғи кемудің зоотехникалық нормасы шеңберінде сатып алынған бастардың өсімін молайту үшін:

- 1) аналық басты - кемінде екі жыл;
- 2) өзіндік аналық бас үшін сатып алынған асыл тұқымды бұқаларды - кем дегенде екі шағылыстыру кезеңінде;

3) қоғамдық және тауарлық табындарда тұқымдық түрлендіру мақсатында кейіннен жалға беру үшін сатып алынған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды - кем дегенде бір шағылыстыру кезеңінде;

4) асыл тұқымды тұқымдықтарды (қошқарлар, айғырлар, буралар) - кем дегенде екі шағылыстыру кезеңінде пайдалануға міндеттенемін.

Өтінім беруші 20__ жылғы " __ " _____ сағат 00: 00-де қол қойып, жіберді.

Өтінім беруші туралы ЭЦҚ-дан алынған деректер.

2-нысан
_____ ауданының
ауыл шаруашылығы бөлімі

Табынның өсімін молайтуға пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға арналған өтінім

Өтінім нөмірі: _____
Өтінім қалыптастырылған күн: _____

1. Тауар өндірушінің атауы _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/заңды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің мекенжайы: _____

(облыс, аудан, қала/ауыл/көше, үйдің №)

3. Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

(жеке/заңды тұлға үшін)

4. Асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың саны _____ бас

5. Субсидиялау нормативі _____ теңге

6. Өтелетін сома _____ теңге

Тауарлық/қоғамдық табындарда шағылыстыру үшін пайдаланылатын тұқымдық бұқалар

Тұқымдық бұқа туралы мәліметтер					Тұқымдық бұқаны пайдалану		
ЖСН	түгендеу нөмірі (бар болса)	жасы, (айы)	тұқымы	Республикалық палатадағы тіркеу нөмірі	басталуы, күні	елді мекен/ шаруа шылқ	табынның атауы
1	2	3	4	5	6	7	8

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
---	---------------	--------------------	----------

1	2	3	4
1.	<p>Жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған қоғамдық табынға асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану бойынша елді мекеннің тұрғындары жиынының шешімі (әр табын бойынша, тек қоғамдық табындар үшін толтырылады)</p>	<p>Елді мекен атауы</p> <p>Жиын өткізілген күн</p> <p>Е р к і н шағылыстыруға қатыстыруға жоспарланған аналық бас саны, бас</p> <p>Асыл тұқымды тұқымдық бұқалар саны, бас</p> <p>Асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың бірдейлендіру нөмірлері</p> <p>Тұқымы</p> <p>Республикалық палатадағы тіркеу нөмірі</p> <p>Бұқа (лар) иесінің атауы</p>	
2.	<p>1000 мал орнынан басталатын бордақылау алаңы мен шаруашылық арасындағы табынға етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын бекітіп беру және пайдалану (жалдау) жөніндегі шарт (тек тауарлық табындар үшін толтырылады)</p>	<p>Шарт (тар) нөмірі</p> <p>Жасалған күні</p> <p>Е р к і н шағылыстыруға қатыстыруға жоспарланған аналық саны, бас</p> <p>Асыл тұқымды тұқымдық бұқалар саны, бас</p> <p>Асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың бірдейлендіру нөмірі</p> <p>Асыл тұқымды тұқымдық бұқа тұқымы</p> <p>Республикалық палатадағы тіркеу нөмірі</p>	
		<p>ЖСН/БСН</p> <p>ЖСК</p> <p>Кбе</p>	

3.	Екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы анықтамасы	Банктің немесе п о ч т а операторының деректемелері:	
		Банктің немесе п о ч т а операторының атауы:	
		БСК	
		БСН	
		Кбе	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ, дербес деректерді және өзге де ақпаратты сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20__жылғы " __ " _____ сағат 00: 00-де қол қойып, жіберді.

Өтінім беруші туралы ЭЦҚ-дан алынған деректер.

3-нысан

ауданының ауыл
шаруашылығы бөлімі

Тауарлық отардың өсімін молайтуға пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға арналған өтінім

Өтінім нөмірі: _____

Өтінім қалыптастырылған күн: _____

1. Тауар өндірушінің атауы _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/заңды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің мекенжайы: _____

(облыс, аудан, қала/ауыл/көше, үйдің №)

3. Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

(жеке/заңды тұлға үшін)

4. Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың саны _____

бас

5.Субсидиялау нормативі _____ теңге 6. Өтелетін сома _____

теңге

Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын тұқымдық қошқарлар

Тұқымдық қошқар туралы мәліметтер					Тұқымдық қошқарды пайдалану		
ЖСН	түгендеу нөмірі (бар болса)	жасы, (айы)	Тұқымы	Республикалық палатадағы тіркеу нөмірі	басталуы, күні	елді мекен	табынның атауы
1	2	3	4	5	6	7	8

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Оператор мен қожалық арасындағы асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды отарға бекітіп беру және пайдалану (жалдау) шарты	Шарт (тар) нөмірі	
		Жасалған күні	
		Еркін шағылыстыруға қатыстыруға жоспарланған аналық бас саны, бас	
		Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар саны, бас	
		Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың бірдейлендіру нөмір(лер)і	
		Асыл тұқымды тұқымдық қошқардың тұқымы	
		Республикалық палатадағы тіркеу нөмірі	
2.	Екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы анықтамасы	ЖСН/БСН	
		ЖСК	
		Кбе	
		Банктің немесе почта операторының деректемелері: Банктің немесе почта операторының атауы:	
		БСК	
		БСН	
		Кбе	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын

мәліметтерді, сондай-ақ, дербес деректерді және өзге де ақпаратты сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20__ жылғы " __ " _____ сағат 00: 00-де қол қойып, жіберді.

Өтінім беруші туралы ЭЦҚ-дан алынған деректер.

4-нысан

ауданының
ауыл шаруашылығы бөлімі

Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының ұрығымен ірі қара малдың аналық басын, сондай-ақ қойдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсететін асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың субсидиялар алуға арналған өтінімі

Өтінім нөмірі

Өтінім қалыптастырылған күн

1. Асыл тұқымдық немесе дистрибьютерлік орталықтың атауы _____

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі

3. Заңды мекенжайы: _____

(облыс, аудан, қала/ауыл/көше, үйдің №)

4. Жануар түрі _____

5. Ұрықтандырылған аналық бас саны _____ бас

6. Субсидиялау нормативі _____ теңге

7. Өтелетін сома _____ теңге

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
		Шарт нөмірі	

1. Ірі қара малдың/қойдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарт	Жасалған күні	
2. Отандық асыл тұқымдық орталықтың тұқымдық бұқаларының ұрығын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік шарт (бар болса)	Шарт нөмірі	
	Жасалған күні	
3. Қойдың аналық басын ұрықтандыру актісі	Акт нөмірі және күні	
	Ұрықтандырылған мал басының саны, бас	
	Ауылдық округ атауы және ұрықтандыру жөніндегі маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	
4. Ұрықтандырылған ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және буаздыққа зерттеп-қарау актісі	Акт нөмірі және күні	
	Ұрықтандырылған мал басының саны, бас	
	Ұрықтандырылған буаз мал басының саны, бас	
	Ауылдық округ атауы және ұрықтандырушы-техниктің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	
